

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманжол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

ЕРКІН ӨЛЕҢДЕРДЕГІ КӨЛЕҢКЕ ОБРАЗЫ

Кажетерова Шынар Сырымовна

anara.kazheterova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті «7М01717 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығының 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., қауымд. проф. А.Үсен

Әдебиет – адам болмысын терең түсінудің, оның ішкі әлеміне үңілудің үлкен алаңы. Ал бүгінгі әдебиет бұл миссияны одан әрмен жалғастырып, шығарманың өзегі ретінде жеке тұлға мәселесін алға шығарды. Себебі, бүгінгі әдебиет адамды сыртқы әлемнен емес, ішкі күйзелістерінен, жан дүниесінен танып-білуге көбірек ұмтылады. Бірақ неге бұл мәселе дәл қазіргі уақытта ерекше маңызға ие болды?

Мұның бір қыры көз ілеспейтін жылдамдықпен дамып жатқан технология, толассыз ақпараттар тасқынында жаңа әлемнің қарбаласынан адасып, қоғамдағы орнын таба алмай қалған адамның өз жанына үңіле бастауымен байланысты. Осы тұста адамның жеке тұлғалық болмысы – ішкі әлемі мен әлеуметтік идентификациясы әдебиетте басты орынға шықты. Мәселен, экзистенциализм ағымында Жан-Поль Сартр мен Альбер Камю адам өмірінің мәнін, еркіндігін және таңдауын басты назарға алды. Бұл сұрақтар тек философияда ғана емес, әдебиетте де өз орнын тапты.

Сонымен қатар, психоанализ бен психологияның дамуы, атап айтқанда, Зигмунд Фрейд пен Карл Юнгтің теориялары, әсіресе жеке тұлғаның бейсаналық әлемі мен ішкі қайшылықтары әдеби кейіпкерлердің күрделі бейнесін жасауға ықпал етті.

Бұдан бөлек, заманауи әдебиетіміздің басты арнасына айналып отырған – постмодернистік әдебиет шындықтың көпқабатты болуын, әр адамның жеке әлемін анықтап көрсетуге ұмтылуда. Мұнда субъективті көзқарас, көпмәнділік, адамның жеке тәжірибесі, қорқыныш, күмән мен сенім мәселесіне басымдық беріледі. Осылайша оның тек сыртқы әрекеттері мен сыртқы әлемімен ғана емес, ішкі қатпарлары, қиялдары мен ішкі қақтығыстары арқылы да өмір сүретіндігін көрсетеді.

Авторлар адамның сан қатпарлы сезім қалтарыстарын суреттеуді түрліше жолмен жүзеге асырады. Осындай суреттеудің бірегей үлгісі ретінде қазіргі ақындардың еркін өлеңдеріндегі «көлеңке» бейнесін айтуымызға болады. Мәселен, Арман Әділбектің «Бұлдыр көлеңке» өлеңін оқып көрелік:

Терезе Жақтауына сүйенді.

Жанары көктегі

От шалған сөздей бір жұлдыздармен түйісіп.

Мыңдаған жылдардың алдында

Осынау жұлдыздардың дәл осы қалпы

Жылтылдап тұрғанына сенді.

Көшеге көз салды.

Адамдар жүрісін доғарған.

Жүз рет өртесе де жаны шықпайтын әлдебір ұлы тыйымның барын сезді [1].

Ақын өлеңінде «көлеңке» сөзін философиялық және психологиялық тұрғыдан пайдаланып, адамзат өмірінің қайшылықты тұстарын, ішкі күресін және өмірдің мәнін терең бейнелейді. Өлеңдегі көлеңке адамның өз болмысынан туып отыр. Ол адам санасының қыр-сырын, адамзаттың мәңгілік сұрақтары мен күрестерін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда ақынның жан айқайы Платонның «Үңгір туралы» әфсанасымен үндесіп-ақ тұр.

Бұл кітапта Сократ Главконға қарап: «Өзің көз алдына елестетші, үлкен үңгірдің ішінде қол-аяқтары кісендеулі адамдар арқаларын үңгірдің жарық түсетін ауыз жағына беріп, өздері үңгірдің келесі жақ бетіндегі қабырғаға қарап отыр. Ол адамдар туғалы осы үңгірде. Олардың мойнын бұрып артына қарауға да мүмкіндіктері жоқ. Арқа тұсында сәл аласалау текпішек тәрізді және бір аласа қабырға бар. Одан ары жақта үңгірдің аузына таяу жерде от жанып тұр. Үңгірге таяу маңда иықтарына статуяларды, тағы бір заттарды көтерген адамдар ары-бері жүріп жатыр. Әңгімелесіп барады. Сырт жақтан түскен күн нұры үңгір ішіне талмаусыраған жарық түсіріп тұр. Міне осы адамдар жер бетінде тіршілік бар екенін, онда күн нұрының жарқырап тұрғанын ғана емес, өздерінің ту сыртындағы жанып тұрған отты да, үңгірдің алдынан өтіп жатқан адамдарды да көре алмайды. Олардың не жайлы әңгімелесіп бара жатқандарын да естімейді. Олардың көретіні алакөлеңке үңгір ішіндегі қарсы алдарындағы қабырғадағы түскен солардың сұлба түріндегі көлеңкелері мен еститіндері жаңғырған түсініксіз дыбыстар ғана. Олар осы көргендерін шындық деп ойлайды, соған сенеді...» [2].

Платон әфсанада үңгірдегі жандар арқылы көлеңкені шындық деп білетін, ешқандай философиялық білімі жоқ, ақиқатқа ұмтылмайтын, иллюзия мен адасуларға толы әлемде өмір сүретін адамдарды көрсету үшін қолданған. Жалпы философиялық тұрғыдан көлеңке ұғымы адамзаттың ішкі әлемі мен сыртқы әлем арасындағы шекараны білдіреді. Өлеңде де дәл сол сарын сақтала отырып, адамдар түнгі аспандағы жұлдыздардың мыңжылдықтарға еш өзгеріссіз ауысып отырғанына; өзі астарын білмейтін, бірақ сақтауға тырысатын түнге қатысты тыйымдарға соншалықты сенетіні сол көлеңке арқылы беріледі. Ақын көлеңкенің ішкі және тысқы ғаламның шекарасы екенін айқындай түсу үшін оны терезе жақтауына сүйенген күйінде суреттейді, ал терезе бізді тыста болып жатқан құбылыстардан бөліп тұратыны белгілі.

Өлеңнің алғашқы екі шумағында мезгіл ретінде түннің таңдап алынуы да кездейсоқ емес. Себебі көптеген зерттеулер түнде адам мен қоршаған әлем арасындағы шекара нақты айқын көрінбейтіндіктен, белгісіздік сезімін тудырып, өз бағытынан жаңылу пайда болатынын көрсетеді [3]. Осыдан келіп, ақынның көлеңкесінің неліктен бұлдыр көлеңке екендігі ашылады. Яғни көлеңке адамның қайғы-қасіреті мен ішкі болмысының тұманды жақтарын, қараңғы және ашылмаған «күпия бөлмелерін» білдіреді, оның өлімге, өмірге деген көзқарастарын бейнелейді. Платон үңгіріндегі көлеңке адамдарға ақиқат әлемнің көмескі сұлбасын көрсетсе, Арман Әділбек шығармасындағы көлеңке адамдардың сол көмескі сұлбадан бөлініп шығып, жарыққа ұмтылуын қалайды. Бұлдыр көлеңке Юнг архетип тұжырымындағы, біздің танымымыздағы сипаттамасынан мүлде бөлек, ол шабытты таңнан алады, «жанын шалқытқан ән сөзі» таңда келеді.

Терезе // Жақтауына // сүйенді.	3+4+3
Жанары // көктегі	3+3
От шалған // сөздей бір // жұлдыздармен // түйісіп.	3+3+4+3
Мыңдаған // жылдардың // алдында	3+3+3
Осынау // жұлдыздардың // дәл осы // қалпы	3+4+3+2
Жылтылдап // тұрғанына // сенді.	3+4+2

Өлеңнің ырғақ кестесі де сол көлеңкемен жымдасып жатыр. 3,4-тармақтар 1, 2-тармақтармен алдына 3 буынды бунақ қосу арқылы ырғақтық-интонациялық құрылым түзсе, шумақтың соңғы екі тармағында 3 буынды бунақ 4-тармақ ортасына қосылу арқылы кейінгі тармақпен байланысып, «бұлдыр ырғақ» түзіп отыр. Өлеңдегі әр тармақтың 3 буынды бунақпен басталуы да белгілі бір деңгейде ырғақтық реңк туғызып отыр.

Таңда ғана // жанын шалқытқан // жып-жылы // ән сөзі	4+5+3+3
Қара шынжырдай // зәр шашып // ойына оралған.	5+3+4
Ызындай соққан // самалдың	5+3
Елсіз тырнағы // сыйпаған // жүзін көтеріп,	5+3+5

Сұқ саусағын // айға қадады	4+5
(қиялымен)	4
Жыбыр етті // сосын еріні.	4+5

Үкімін күткен // күнәкардың // жаурынын	5+4+3
Мағынасыз // көзімен қарып	4+5
Сұлап жатыр // еденде	4+3
Бір көлеңке.	4
Бұлдыр.	2

Ақынның көлеңкеге шабыт келгенін жырлаған тұстары көпбуынды өлшемдермен үдей түсіп, кейінгі тармақтарда буынның азаюы арқылы біртіндеп үзілуінде үлкен мән бар. Алғашында өмірлік сауалдардың мәнін іздеп шарқ ұрған, ақырында бар қуатынан айырылып, «еденде сұлап жатқан» көлеңкенің ішкі күйзелісі. Бұл – рухани қасірет не тоқырау, мағынасыздық, үмітсіздіктің бейнесі.

Ал Тоқтарәлі Таңжарық поэзиясында «көлеңке» мүлде өзгеше сипат алып, қоңыр түске боялады. Ол ақын үшін жан дүниесінің терең сезімдерін бейнелейтін, жанын одан өзге ешкім ұғына алмайтын, көзден кетсе де, көңілден кетпейтін сағым бейне.

Сен қайдасың, // қоңыр көлеңке?	4+5	(9)
Ояу жүрсем де // түс көргендей //	5+4	(9)
Сені сағынам.	5	(5)
Кәрі еменнен саулаған // жапырақты иіскеймін, //	7+7	(14)
Бірін бірі шимайлаған //	8	(8)
жолдардың // өткелінде тұрып.	3+6	(9)
Қаңыраған көшелерді // жалғыз кеземін //	8+5	(13)
Иен аралдай // көкірегім құлазып,	4+7	(11)
Әлі жаттамаған // дұғаларды күбірлеймін.	6+8	(14)
Ашқылтым түс көріп // ұйқымнан оянсам,	6+6	(12)
Ойымнан әлдебір // әуен сарыны кетпейді –	6+8	(14)
Жорылмаған // түсім секілді,	4+5	(9)
Болжанбаған // сағынышқа шомамын [4].	4+7	(11)

Ақынның қоңыр көлеңкеге деген сағыныш сезімінен кейін әуен сарыны туралы сөз қозғауында бір үлкен мән бардай. Бағамдап қарасақ, қоңыр сөзі өнерге қатысты «қоңыр үн», «қоңыр ән», «қоңыр күй» сынды тіркестерде кездесе отырып, аталған тіркестерде «жанға жайлы», «жағымды» мағынасында қолданылады. «**Қоңыр** дауыс, **қоңыр** әңгіме, **қоңыр** кеш» тіркестерінде де қоңыр сөзі осы мағынасында жұмсалады екен [5]. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде де «қоңыр» сөзінің білдіретін көп мағынасының арасынан осы сипаттаманы көре аламыз: «3. Ауыс. Жанға жайлы, жағымды.

Қоңыр қаздай болса дағы, Қоңыр сол шақ өмірлері. Болса ірімшік, болса ағы, Қараша үйлер көңілді еді (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Халықтың қоңыр тілінің ішінен тамаша сөз тұлғаларын жасауға болатындығын Абай айқын көрсетті (Ғ.Мұстафин. Ой әуен.)» [6].

Автор да көлеңкесіне қоңыр түс беру арқылы, аталған мағынадан ұзап кете қоймағандай. Көлеңке барда тыныштық орнап, барлығы өз қалпына келетіндей көрінеді. Көлеңке жоқта ол ояу жүрсе де, түс көргендей мең-зең, шала-жансар күйге енеді. Сағыныштың зарынан «ашқылтым түс көреді», «болжанбаған сағынышқа шомады». Ақынның образ тудырудағы, сөз таңдаудағы сонылығы да сонда – көлеңкеге қоңыр түс беріп, оған жаңа мән үстейді. Осы тұста «ақын неге көлеңкені сонша сағынады?» деген сұрақтың туындауы орынды. Бұған жауап келесі жолдарда берілгендей:

Мүлгіген бакта // мұңлы әуенді ыңылдап,	5+6
Мен иіскеген // жапырақты	4+4
маңдайыңа басып,	6
Көлеңкеңнен // көлеңке өрбіп,	4+4
Мен кешпеген // өзендерді кешіп,	4+6
Мен жаттамаған // дұғаларды күбірлеп,	5+7
Сен қайда жүрсің, // қоңыр көлеңке?!	5+5

Ойланып көрелік: әдетте адам баласы нені іздейді? Әлбетте, жоғалған не ұмыт болған дүниелерді. Сол секілді бұл өлеңде де лирикалық қаһарман ұмыт болған сезімдерін, жоғалған армандарын, ескерусіз қалған ерекше сәттерді аңсайды. Солардың бәрі бір жолда тоғысып келіп, ақындық ойда табысады. Осы бір ақындық ой, ақындық сырлы сезім, сөзсіз, шалқар шабыт сыйлайды. Шабыт – бұл ақынға аптап ыстықта пана болатын көлеңке. Зер салып қарасақ, лирикалық қаһарман көлеңкені сағынған сәтте «кәрі еменнен саулаған жапырақты иіскейді». Бәлкім, ол көлеңкемен (шабытпен) алғаш рет кәрі де болса, еңселі емен түбінде табысқан шығар. Сөзіміздің жанын кіргізер тағы бір негіз музыка мәдениеті мен өнер терминдерінің сөздігінен көрінеді. Мұнда қоңыр күйге мынадай түсінік берілген: «өмір туралы барлық түсініктер, кейде оның қиын сәттері, өткен өмір, осы сәт, болашақ туралы терең, ойлы, байсалды, шоғырланған шешім қабылдау сәтін көрсететін күй» [7]. Автор да «мұңлы әуенді ыңылдаған» қоңыр көлеңкесіне «қоңыр күйдің» бітім-болмысын берік сіңіргендей.

Өлеңнің ырғақтық кестесінде де әлдебір сырлы «қоңыр үн» жатқандай. Жалғыз бунақты 3,5-тармақтағы буын саны мен қос бунақты 4,6-тармақтың екінші бунағындағы буын саны 5-7-8-6 жүйесімен келіп, осы жүйе келесі төрт тармақтың екінші бунағында да қайталанады. Ал кейінгі үш тармақта буындар реттілігі өзгергенімен, олардың саны өзгеріссіз қалған. Алғашқы екі тармақты «оқшау» қарастыруымызға себеп боп тұрған – қос тармақтың да тоғыз буынды боп келіп, буын сандарының алмасуы.

Синтаксистік бірліктерде өзара дыбыстық үндестіктегі ұйқасушы негіздер болмағанымен, алдыңғы бунақтарда морфологиялық тұлғалануы бірыңғай есімше формасындағы **саулаған, шимайлаған, қаңыраған, жаттамаған, жорылмаған, болжанбаған**, екінші бунақтарда ауыспалы осы шақ формасындағы **сағынам, иіскеймін, кеземін, күбірлеймін, шомамын** сөздерінің келуі өлеңге белгілі бір деңгейде мағыналық-интонациялық реңк үстейді.

Келесі шумақта алдыңғы бес тармақтың екінші бунағындағы 4,6 буынның алма-кезек келуі байқалады. Бұл шумақтың ырғақтық-интонациялық құрылымының сақталуына бірыңғай көсемше формалы **ыңылдап, басып, өрбіп, кешіп, күбірлеп** сөздерінің тармақ соңында келуі әсер етіп отыр. *Мен иіскеген, Мен кешпеген, Мен жаттамаған* сынды синтаксистік құрылымдар да ырғақтық-интонациялық әсерді қанықтыра түседі. Сонымен қатар алдыңғы шумақта айтылған ойдың келесі шумақта жалғасып, қаһарман жасай алмаған істі көлеңкенің жасауы арқылы шумақтар арасында логикалық тұтастық түзіледі.

Екі шумақтың ырғақтық-интонациялық құрылымы екі түрлі болғанымен, оларға тән ортақ сипат – қос бунақты боп келуі өлеңнің ырғақ кестесін нақтылай түседі. Өлеңнің өлең ретіндегі әуезділігін, үйлесімділігін туғызады. Ақынның қоңыр көлеңкені жырлауы тек бұл ғана емес. «Мен түсімде ажал құшыппын деймін...» атты өлеңінде:

Мен түсімде ажал құшыппын деймін,
 Моламның үстінде жалғыз жауқазын өкситін көрінеді.
 Жалғыз шыбықтан сыңсыған үнге балқимын бір сәт.
 Зейнебін іздеген Көкектің даусы тыншымайды.
 Мен жалғыз емеспін...
 Менімен бірге жалғыз **қоңыр көлеңке** түнейді [4].

Осылайша аңсаған көлеңкесімен түсінде қауышады. Қоңыр көлеңке өз серігін «жалғыз шыбықтан сыңсыған үн шығатын, үстінде жалғыз жауқазын өкситін» молада жалғыз қалдырмақ емес. Түсіне кіріп, адамнан аруаққа айналған рухтың сырласы, мұңдасы боларын жеткізеді.

Кейде ақындар көлеңкені басты образ ретінде алмай, өздері суреттеп отырған құбылыстың бір штрихі ретінде қолдануы мүмкін. Мәселен, Ардақ Нұрғазы мына бір өлеңінде:

Шындық қараниетке шөккенде

Құладүзде тұрған сахнаның пердесі

Ашылды.

Көлеңкелер қарық болып

Құшақтасып жатыр

Тас көбіктен де жеңіл, [8] – деп біздің санамызда қалыптасқан «көлеңке» бейнесін көз алдымызға әкеледі. Ол – жеке тұлғаның қараңғы, зұлым және инстинктивті аспектісі. Көлеңке агрессивті импульстарды, қоғам қабылдамайтын азғындық ойларды қамтиды [9, 160]. Өлеңде де шындық қараниетке тізе бүккен шақта, құс ұшпас, адам аяғын баспас айдалада зұлымдық сахнасы құрылады. Сахнаның пердесі ашылған мезеттен «көлеңкелердің қарық болып, құшақтасуы» - қараңғылықтың, теріс ниеттің, арам пиғылдың көрінісі. Небір зұлым ойлардың бір-біріне ықпал етіп, бір нүктеде түйісуін білдіреді. Көлеңке біреу емес, бірнеше. Демек адамның жан дүниесіндегі қайшылықтар мен теріс күштердің бір мезеттегі жеңісінің символы болуы бек мүмкін. Автордың оларды «тас көбіктен де жеңіл» деп суреттеуі де тегін емес. Бұл олардың салмақсыз, тұрлаусыз да тұрақсыз екенін білдіреді. Сөйтіп ақын санамызда қалыптасқан қараңғы көлеңке бейнесін қайта жаңғыртады.

Сонымен, біз жоғарыда өлеңдерін талдаған ақындар өлеңінен бөлек, қазіргі поэзияда «көлеңке» бейнесінің ауқымы кеңейіп, адам жанының күрделі табиғатын, көпқырлы қабаттарын айқын суреттеуде қолданылып жүр. Ол ақиқат пен жалған, ізгілік пен зұлымдық, сенім мен күмән арасындағы нәзік шекараны көрсетудің; тұңғиыққа бату ғана емес, одан шығудың да жарық жолы ретінде қалыптасуда. Ішкі тартыс, сыртқы әлеммен қатынастағы тұлғалық дағдарысты, тұлғаның қоғамдағы өз орнын айқындауда кездесетін кедергілерді сипаттаудың қуатты құралына айналып отыр. «Көлеңке» арқылы авторлар жеке тұлғаның өзін-өзі табу, тану үдерісіндегі кедергілердің түпкі себебін ашуға, сол арқылы ақиқатты тануға әрі танытуға, осы тақырып төңірегінде оқырманымен ашық диалог жүргізуге ұмтылуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://madeniportal.kz/literature/aqyn-arman-adilbektin-7-oleni>
2. <https://kazgazeta.kz/news/124764>
3. https://nbpublish.com/view_post.php?id=54
4. <https://madeniportal.kz/literature/aqyn-toqtarali-tanzaryqtyn-7-oleni>
5. Қайыржан К. Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. - Алматы: "Өнер" баспасы, 2013. - 480 бет.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. / Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А.Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. -752 б.
7. Музыка мәдениеті мен өнер терминдерінің сөздігі / Б.Ж.Қоқымбаева, Е.Ю.Личман, Б.У.Итемгенова. – Павлодар, ПМПИ, 2013. – 177 б.
8. <https://madeniportal.kz/7-olen/aqyn-arda-nurgazynyn-7-oleni>
9. Нургазиев Т. Қазақ әдебиетіндегі архетип және символ: психоаналитикалық талдау жасаудың кейбір мәселелері (халық хикаялары негізінде). ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №4 (192). 2023. 156-165 б.